



## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 1042 Жарлығы.

"Актілер жинағында" және  
республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 33-бабының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3470 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., № 16, 128-құжат; 1998 ж., № 17, 147-құжат; 2000 ж., № 17, 167-құжат; 2001 ж., № 36-37, 463-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 19 наурыздағы  
№ 1042 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес танылатын және кепілдік берілетін адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесетін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 30.03.2004 № 1325; 08.02.2022 № 806 Жарлықтарымен.**

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 30.03.2004 № 1325; 08.02.2022 № 806 Жарлықтарымен.**

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін іске асыруы үшін жағдай жасау;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіруге жәрдемдесу;

3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу;

4) адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

5) адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу болып табылады.

4. Комиссияның құзыреті:

1) Мемлекет басшысына және тікелей Комиссияға жолданған Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы ақпарат бар өтініштерін қарайды;

2) Мемлекет басшысының атына Қазақстан Республикасындағы адамның және азаматтың құқықтарының ахуалы туралы баяндамалар дайындайды. Бұл баяндамалар баспасөзде жариялануы мүмкін;

3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын қарайды;

4) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді;

5) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау мәселелерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасайды, осы мәселелерді реттейтін заң жобаларын әзірлеуге қатысады;

6) адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар бойынша талдау материалдарын, сараптау-ұсынымдық қорытындылар мен ұсыныстар дайындайды;

7) адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 13.11.2012 № 427 Жарлығымен.*

5. Комиссия өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасайды.

Комиссия адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарымен, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасайды.

6. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында:

1) мемлекеттік органдардан, сондай-ақ ұйымдар мен лауазымды адамдардан қажетті мәліметтерді, құжаттар мен материалдарды сұратып алуға;

2) өз отырыстарында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты мәселелер жөнінде мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды адамдарының ақпаратын тыңдауға;

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуы туралы мәліметті тексеруіне бастамашылық жасауға;

4) жекелеген жұмыстарды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен ғалымдар мен мамандарды тартуға;

5) адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақталуына байланысты мәселелерді талқылау үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің адам құқықтары жөніндегі комиссияларымен және басқа да осындай құрылымдарымен ынтымақтастық жасауға құқылы.

7. Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша оның мүшелерінің заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарына, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдарға баруға құқығы бар.

8. Комиссияның отырыстарында қабылданатын және Қазақстан Республикасы Президентінің назарына жеткізілетін ұсынымдар мен қорытындылар оның шешімдері болып табылады.

Комиссияның ұсынымдары мен шешімдері оның отырысқа қатысқан мүшелері санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда отырыста төрағалық етуші жақтап дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

9. Комиссияның өз өкілеттігі шеңберінде қабылдаған ұсынымдары мен қорытындылары мәселені шешу құзыретіне кіретін тиісті мемлекеттік органға жолданады.

Комиссияның ұсынымдары мен қорытындыларын алған мемлекеттік орган мен оның лауазымды адамдары белгіленген мерзімде оларды қарауға және қабылданған шешім туралы оған хабарлауға міндетті.

10. Комиссия құрамын Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және ол төрағадан, екі орынбасардан, хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады.

Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасарлары және мүшелері оның жұмысына қоғамдық негізде қатысады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.04.2024 № 525**

**Жарлығымен.**

11. Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, орынбасарларына, хатшысына және Комиссия мүшелеріне тапсырмалар береді, оның отырыстарының күн тәртібін айқындайды, Комиссияның қызметтік құжаттарына, ұсынымдары мен қорытындыларына қол қояды, адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты кеңестерге қатысады, Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісінің келісуімен Қазақстан Республикасының Президентіне Комиссия қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Комиссия төрағасы болмаған кезде қызметтік құжаттарға, ұсынымдар мен қорытындыларға Комиссия төрағасының орынбасарларының бірі қол қояды.

Комиссия төрағасы және оның орынбасарлары болмаған кезде Комиссияның қызметтік құжаттарына, ұсынымдары мен қорытындыларына оның хатшысы қол қояды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.04.2024 № 525**

**Жарлығымен.**

12. Комиссияның отырыстарын оның төрағасы қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырады. Комиссия отырыстары, егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып саналады.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның отырыстарында Комиссия төрағасының орынбасарларының бірі төрағалық етеді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.04.2024 № 525**

**Жарлығымен.**

13. Комиссияның қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі жүзеге асырады.

Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі адам құқықтары мен жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау мәселелері құзырында болатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарына ұйымдастыру-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 662**

**Жарлығымен.**

14. Сараптама-талдау зерттеулерін жүргізу үшін Комиссия жанынан ғылыми мекемелер, білім беру ұйымдары мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен қоғамдық негізде жұмыс істейтін сарапшылық кеңес құрылады. Сарапшылық кеңес құрамы Комиссия отырысында бекітіледі.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 19 наурыздағы  
№ 1042 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ**

**Ескерту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.04.2024 № 525**

**Жарлығымен.**

|                               |  |
|-------------------------------|--|
| Рогов<br>Игорь Иванович       | Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының атқарушы директорының орынбасары, төраға (келісім бойынша)                             |
| Әбішев<br>Тастемір Дәуітұлы   | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық сарапшы (келісім бойынша), төрағаның орынбасары  |
| Сәбитова<br>Айнұр Әлімханқызы | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Сорбонна-Қазақстан институтының директоры (келісім бойынша), төрағаның орынбасары |

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі, хатшы

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің әлеуметтік мәселелерге жетекшілік ететін орынбасары

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасы

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)

|   |  |
|---|--|
| Александр<br>(Могилев Александр<br>Геннадьевич) | Астана және Қазақстан митрополиті, Қазақстан Республикасындағы Орыс Православие Шіркеуінің Митрополиттік округінің басшысы (келісім бойынша) |
| Борашева<br>Гүлмира Майорқызы                   | "Қайрат Иманалиев атындағы мүмкіншілігі шектеулі адамдардың құқықтары жөніндегі комиссия" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша), |
| Байсақова<br>Зүлфия Мұхамедбекқызы              | Қазақстан Республикасындағы "Дағдарыс орталықтары одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)                    |

|                                    |  |
|------------------------------------|--|
| Бикебаев<br>Айдын Жолшыұлы         | - Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы (келісім бойынша)  |
| Волкова<br>Ольга Александровна     | - Қоғам қайраткері (келісім бойынша)   |
| Воронов<br>Виталий Иванович        | - Адвокат, "Алматы заң корпорациясы" мекемесінің президенті (келісім бойынша)  |
| Дәулеталин<br>Сатыбалды Телағысұлы | Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы (келісім бойынша)  |
| Жаркенова<br>Светлана Бақытқызы    | Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры (келісім бойынша) |
| Жасымбекова                        | Біріккен Ұлттар Ұйымының Көші-қон агенттігі - Қазақстандағы Халықаралық көші-қон ұйымының көші-қон                                 |

|                                    |  |
|------------------------------------|--|
| Светлана Саламатқызы               | жөніндегі бағдарламаларының аға ұлттық үйлестірушісі (келісім бойынша)   |
| Имашева<br>Снежанна Валерьевна     | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы (келісім бойынша)               |
| Қазкенов<br>Руслан Қазыбекұлы      | - "Civic peace" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)  |
| Лукин<br>Андрей Иванович           | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Нұрғазиева<br>Бану Ғаниқызы        | - "Қазақстанның азаматтық альянсы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)   |
| Осокина<br>Ирина Юрьевна           | Астана қаласы Адвокаттар алқасының адвокаты (келісім бойынша)  |
| Пен<br>Сергей Геннадьевич          | Maqsut Narikbayev University (KAZGUU) проректоры (ректоры) (келісім бойынша)   |
| Соловьева<br>Айгүл Сағадібекқызы   | "Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің Басқарма төрайымы (келісім бойынша)                   |
| Сман<br>Айсана Сманқызы            | Адам құқықтары жөніндегі сарапшы (келісім бойынша)   |
| Тіреуов<br>Қанат Маратұлы          | С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Басқарма төрағасы - ректоры (келісім бойынша)                        |
| Турмағамбетова<br>Жеміс Өтегенқызы | "Адам құқықтарын жақтаушы хартия" қоғамдық қорының атқарушы директоры (келісім бойынша)  |
| Ударцев<br>Сергей Федорович        | Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы (келісім бойынша)  |
| Өтпенев<br>Наурызбай Тағанұлы      | Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы (келісім бойынша)  |
| Хасанова<br>Шахноза Қулабдулақызы  | "Сана Сезім" әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы" қоғамдық бірлестігінің директоры (келісім бойынша)                              |